

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР



және олардың жіктелуі.


.Экологиялық факторлар- тірі организмдерге олардың дербес дамуының бір ғана кезеңінде болса да тікелей немесе жанама әсер ете алатын, ортаның кез-келген әрі қарай бөлшектелмейтін элементі. Бұл анықтамада экологиялық факторлардың мынандай критерийлеің ерекше атап өту қажет;





- Ортаның қарастырып отырған элементінің одан әрі бөлшектенбеуі. Мысалы, су қоймасының тереңдігін немесе тіршілік ету орнының теңіз деңгейінен биіктігін экологиялық фактор ретінде қарастыруға болмайды, себебі тереңдік суды мекендеуші организмдерге тікелей емес, қысымның артуы, жарықталудың кемуі, температураның төмендеуі, еріген оттегінің азаюы, су тұздылығының жоғарлауы, т.б. арқылы әсер етеді; биіктіктің әсері температураның, атмосфералық қысымның төмендеуі арқылы жүзеге асырылады. Шын мәнінде температура, жарықталу, тұздылық және т.т. тірі организмдерге тікелей әсер етуші сыртқы ортаның экологиялық факторлары ретінде білінеді.







- Экологиялық фактордың әсері тікелей емес, аралық буындар арқылы берілуі мүмкін, яғни бұндай жағдайда ол көптеген себеп-салдарлық байланыстар арқылы ықпал көрсетеді. Экологиялық факторлардың аралық буындар арқылы ықпал етуінің мысалын құс базарынан көруге болады. Қоршаған орта факторлары 3 топқа бөлінеді: 1.) Абиотикалық факторлар- өлі табиғаттың әсері (климат, t-ра , ылғалдылық , жарық және т.б. 2.) Биотикалық факторлар – тірі организмдердің әсері. 3.) Антропогенді факторлар – адамның әртүрлі іс-әрекетінің әсерлері.



Экология проблемаларының артуы және шиеленісуі, олардың жаһандық экологиялық дағдарыста бірігуі – осының барлығы ғалымдарды қоршаған ортаның бұзылу себептерін зерделеумен және оны құтқару жолдарын іздеумен тығыз айналысуға мәжбүр етті. Берілген проблема бойынша аса маңызды жұмыстар 1968 ж. экология проблемаларын талқылау үшін ұйымдастырылған Рим клубы (РК) қызметінің нәтижесінде пайда болды.



# Мұнай-газ және энергетика кешенін дамыту саласындағы KAZENERGY қызметі.



# Экологиялық фактор

---

- Экологиялық фактор - тірі организмдердің кез келген даму сатысында қоршаған ортаның тікелей немесе жанама түрде әсер етуі және организмдердың қоршаған орта жағдайына қалптаса отырып жауап беруі. Яғни, қоршаған ортаның кез келген элементі немесе жағдайына ағзаның бейімделушілік реакциялар, не адаптациялар арқылы жауап беруін айтамыз. Экологиялық факторлар кез келген ағзаға тікелей немесе жанама түрде әсер ететін қозғаушы күш. Экологиялық факторлар абиотикалық, биотикалық және антропогендік болып үшке бөлінеді.





+



-



# Абиотикалық фактор

- Абиотикалық фактор – бұл өлі табиғаттың тірі ағзаларға тікелей немесе жанама түрде әсер ететін барлық қасиеттері. Яғни абиотикалық фактор – (биосфера, экожүйенің сыртқы ортасы, грек сөзі – карама-қарсы, биотикос айналадағы биорганикалық факторлардың космастық фактордың, күн сәулесінің радиациясының тірі организмдерге тигізетін әсері. Абиотикалық факторлар химиялық және физикалық факторлар болып екіге бөлінеді. Біріншісіне – ауаның құрамы, судың түбіндегі қалдықтар (теңіз, мұхит, көл, өзен), жердің, судың құрамы жатады. Ал екіншісіне – ауаның, жердің температурасы, газдың қысымы, жеке космос сәулелері, күн сәулесінің радиациясы, неше түрлі Радиоактивті элементтер және олардың сәулелері кіреді. Биосферадағы тірі организмдердің саны және таралуы айналадағы ортаның абиотикалық факторларымен реттелініп отырады. Сонымен бірге олар абиотикалық ортаның өзгеруіне де өзінің әсерін тигізеді.

# Биотикалық факторлар

---

- Биотикалық факторлар – бұл тірі заттардың бір-біріне әсер ету ықпалы. Әрбір ағза үнемі өзіне басқа тіршілік иелерінің тікелей немесе жанама әсерін сезінеді, өз түрінің және басқа түрлердің өкілдерімен-өсімдіктермен, жануарлармен, микро ағзалармен байланысқа түседі, оларға тәуелді болады, өзі де оларға әсерін тигізеді (бәсекелестік, жыртқыштық, паразитизм және т.б.). Экожүйенің биотикалық факторлары екі топқа бөлінеді. Біріншісі- ағза деңгейіндегі генетикалық, информациялық антогенезді анықтайды. Ағзалардың трофикалық және медакативті байланысы, көбеюінің нәтижесінде интенсивтілігі, ағзаның орны, жүріс-тұрысы, сонымен биоценодикалық және табиғи сұрыптану. Екіншісі экожүйені дамытатын биоценодикалық ортаның факторы.





# Антропогендік фактор



- Антропогендік фактор – айналадағы ортаға адамның тигізетін ықпалы. Адамдардың іс-әрекеттерімен атмосфераның құрамы мен режимі өзгеріп, өзен көл, теңіз, мұхиттардың сулары ластанады. Радиоактивті элементтер топырақты бұзса, барлық экожүйені адамдар бұзады. Адамзат баласы өсімдік әлеміне елеулі өзгерістер енгізіп, көмір қышқыл газының көбейіп кетуіне, оттектің азонына ықпал жасайды. Жер шарындағы оттектік көбеюіне, көмір қышқыл газының азаюына тропикалық өсімдіктер айтарлықтай рөл атқарады. Биосферадағы бір түр жойылатын болса, онда онымен байланысты екінші түрде жойылып кетеді. Биосфераның химиялық элементтері мен пестицидтермен, гербицидтермен және басқада улы қосылыстармен ластануы. Биосфераның өзгеруі фитомасса мен зоомассаларды биосфералардан мөлшерден тыс ала беруден болады. Экожүйелер түпкілікті түрде өзгеріске ұшырап кетеді.







# Назарларыңызға рахмет !

---



# Ссылкалар.



- <http://allrefs.net/c54/3znab/p4/>
- <http://www.studfiles.ru/preview/5310695/page:2/>
- [http://studopedia.su/2\\_5118\\_tarau-zhalpi-ekologiy-a-negIzderI.html](http://studopedia.su/2_5118_tarau-zhalpi-ekologiy-a-negIzderI.html)